

XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАНҒА ТИГІЗГЕН ЫҚПАЛЫ

XX ғасырдың басы түркі халықтарының тарихында ұлттық сананың оянуымен патша өкіметінің отарлық езгісіне қарсы ұлттық, мәдени және саяси талаптарға негізделген демократиялық сипаттағы күрес басталғаны анық. Ресей империясы қол астындағы ұлттық езгіні басынан кешірген бауырлас түркі халықтарының ішінде қазақ халқының да азаттық жолындағы күресі тарихта өзіндік із қалдырған еді.

Әрине XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының мақсаты ұлттық еркіндік жолындағы күресі болатын. XX ғасырдың басындағы ұлт зиялыларының ой пікірінің өрлеуі 1905 жылғы бірінші орыс революция идеяларының және сол кездегі ықпалмен, мұсылмандық қозғалыстар негізінде қалыптасты. Аталған 1905 – 1907 жылғы бірінші орыс революциясы қазақ даласындағы ұлттық қозғалысының бел алуына өз ықпалын тигізді. Ә.Бөкейханов 1910 жылы жарық көрген «Қырғыздар – қазіргі мемлекеттердегі ұлттық қозғалыстың түрлері» атты әйгілі мақаласында 1905 жылдан бастап қарқын алған қазақ азаттық қозғалысында екі саяси бағыт қалыптасып жатқандығын, оның бірі батысшылдар, яғни қоғам дамуына батыс жетістіктерін үлгі тұтушылар, ал екіншісі қазақтарды бүкіл мұсылмандармен біріктіруге ұмтылған ұлттық - діни, түрікшіл бағыт екендігін көрсетеді [1].

Бұл тақырыпқа оралмай тұрып XX ғасыр басында қазақ зиялыларына тоқталсақ, әрине олар сан жағынан көп болған жоқ. Оның себебі орта білімді мұғалімдер даярлайтын курстар мен училищилер болмаса, арнайы оқу орындары ол кезде жоқ еді. Негізінен қазақ мамандары Ресейден білім алды ал патша өкіметі үшін қазақ халқының мәдениетін қаранғылықта ұстау тиімді болған еді. XIX ғасырдың екінші жартысы XX ғасырдың басында қазақ жастары үшін Қазан, Мәскеу, Петербург, Орынбор, Омбы, Варшава қалалары үлкен білім ордасы болды. Аталған қалаларда жылына 3-4 степендия белгіленіп қазақ жастары оқуға жіберіліп отырды [2]. Мәселен 1877 – 1917 жылдары Қазан университетінде 37 қазақ жастары оқып, 20 - сы бұл оқу орнын бітіріп шыққан [3]. Мұрағат құжаттары және сенімді деректердің негізінде жасалған Ғ.Ахмедов ұсынған тізімнің көрсетулеріне қарағанда, Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде 120 - ға жуық қазақ жоғары оқу орнын аяқтағандығы туралы диплом алған. Олардың қатарында Ә.Бөкейханов, М.Тынышбаев, Б.Қаратаев, Б.Құлманов, Б.Сыртанов, Ж.Досмұхамедов, М.Шоқай, Ж.Ақбаев, С.Асфандиаров, С.Шәлімбеков, Х.Досмұхамедов және басқа да бір топ қазақ жастары білім алған еді. Аталған білім алушылар білім алып қана қоймай XX ғасырдың басында ұлт мәселесін жеке дара мемлекет мәселесін Ресей отарына қарсы келген зиялылар тобын құрды.

Ресейдің Петербург және басқа да үлкен қалаларында білім алған зиялылар бұл кезде қазақ жазба әдебиетін қалыптастыратын шығармашылықпен айналыса бастаған. XX ғасырдың бас кезінде Ресейдің мұсылман халықтарын оятуды мақсат еткен кітап, газет - журнал түріндегі басылымдар көбейді. 1910 жылдардағы аумалы төкпелі кезеңде қазақтардың саяси өміріне бағыт бағдар берген «Қазақ» газеті 1913 жылдың басында шыға бастады. Кейіннен Алаш партиясының ресми баспасөз органына айналған бұл газетті Думаның бұрынғы мүшесі Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов басқарды. Сол дәуірдің алдыңғы қатарлы үш зиялысы газетке бағыт бағдар беріп отырды. М.Шоқайдың да үлестерімен газет 1916 жылғы көтеріліс, Ақпан және Қазан төңкерістері секілді маңызды саяси оқиғаларда қазақ халқының мүддесін қорғау ісінде маңызды рөл атқарды. М.Шоқайдың ой санасының өсіп жетілуіне Ә.Бөкейханов жіті көңіл бөлгені

күмәнсіз. Ә.Бөкейхановтың ілтипатына іліккен З.Уәлиди мен М.Шоқай 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейін алдыңғы қатарда жұмыс істеді [4].

Ресейде білім алған ұлт зиялылары жоғарыда көрсетілгендей қазақты еуропа жолымен алып жүреміз, татарға қоңсы қондырмаймыз деген ағымның басында Ә.Бөкейхановпен, А. Байтұрсынов болды, ал «Ислам түрік туының астына жиналамыз» деген ағым Орал, Торғай оқығандарында күшті болды. Бұл ағым «Айқап» журналында бет алды. (1911 жылдан бастап шыққан «Айқап» журналы қазақ қоғамдық өміріндегі тұңғыш ықпалды журнал еді, сонымен қоса қазақ тілінде ұлттық рухты көтерген алғашқы журнал болды.) Осы екі ағым ақпан төңкерісіне дейін келді. Сондай – ақ К.Кемеңгерұлы ағымға бөленген ұлттық интелегенцияның қызметіне мынандай баға береді. Бұдан былай қазақ оқығандарының арасында екі ағым анық айырылды. 1) Ә.Бөкейханов тобы күнбатыс мәдениетін жастанып, панисламизм рухынан аулақ қазақ ұлтын жасамақшы болды. 2) Бақытжан Сейдалиев, Жаһанша тобы ислам дүнесінен қол үзбей, қазақты ислам туының астына жинамақшы болғанын өз зерттеулерінде келтіреді [5]. Тарихшы М.Қойгелдиев «Сонымен бірінші орыс ревалюциясынан кейінгі кезеңде қазақ оқығандарының алғашқы ізденіс нәтижесінде жасаған тұжырымы - қазақ қоғамын орта ғасырлық мешеуліктен алып шығатын жол Ресей арқылы жеткен дамудың батыстық нұсқасы, басқаша айтқанда, буржуазиялық қатынастарға жол ашу еді», - деп атап көрсетеді [6].

XX ғасырдың басында Ресей қалаларында білім алып, орыстың алдыңғы қатарлы мәдениеті мен саяси ықпалын сезінген қазақ зиялылары кейбір оппозициялық партиялардың ықпалымен Қазақстанда саяси ой пікірді дамытып, демократиялық идеяларды насихаттай бастады. Қазақ зиялыларының саяси көзқарастарының қалыптасуына әсіресе кадеттер партиясының әсері болды және кадеттер партиясының өзі қазақ зиялылары тарапынан қолдау тапты. Қазақ зиялылары кадет партиясы құрамына еніп, мүшелікке өтіп, бағдарламасын мойындады. Қазақ зиялыларының рухани жетекшісі Ә.Бөкейханов 1906 жылы кадеттер партиясының Орталық комитетіне мүше болып сайланды. Осыған байланысты С.Асфандияров былай деп жазды: «Қазақтың буржуазиялық интелегенттері орыстың буржуазиялық интелегенттерімен одақ болды. Ә.Бөкейханов кадет партиясының кіндік комитетінің мүшесі болды. I, II Мемлекет Думаларына қазақ атынан депутат болып сайланған Ә.Бөкейханов, М.Тынышбаев, А.Бірімжанов тағы басқа кадеттер басқарған прогрессивтік блокқа кірді. Партиясыз «мұсылман фракциясы» деген де болғанын көрсетеді [7].

Кадет партиясының бағдарламасында парламенттік басқару жүйесінің негізгі идея ретінде көрініс табуы қазақ зиялыларын өзіне тартты. Қазақ оқығандары парламенттік басқаруға үміт артып, оның болашағын қазақ мемлекеттілігі идеясымен байланыстырды. Осы мақсатта 1905 жылы желтоқсанда Ә.Бөкейханов басшылығымен Орал қаласында кадет партиясының қазақ қоғамындағы филиялы құрылды.

Кадеттер партиясының идеясын ұстанған қазақ зиялылары Ресейде парламенттік, конституциялық жолмен мемлекет арқылы болашақта республикалық мәртебесі бар ұлттық автономияға қол жеткізуді көздеді. Алайда бұл мәселе тек идея түрінде қалып қойды. Себебі 1905 жылдан бастап кадет партиясының басшылары Ресейдің мемлекет тұтастығын сақтау мақсатында біртұтас теңдік және мәдени автономия ғана беруді ұсынды. Мұндай ұсыныс кадет партиясының шет аймақтардағы қолдаушыларына ұнамады. Партияның Қазақстандағы филиялының мүшелері мәдени автономияға үзілді кесілді қарсы шықты. Ә. Бөкейханов кадет партиясының автономия, жер мәселесіне байланысты бағдарламалары мен пікірлеріне наразылық білдіріп, оның құрамынан шығып кетті. Өз ойын Ә.Бөкейханов осыған орай «мен кадет партиясынан неге шығып кеттім?» деген мақаласында мұны былай түсіндірді: «Кадет партиясы жер адамға меншікті болып берілсе жөн дейді. Біздің қазақ жерді меншікті қылып алса, башқұртша көрші мұжыққа сатып, біраз жылда сыпырылып, жалаңаш шыға келеді. Кадет партиясы Ұлт автономиясына қарсы. Біз Алаш ұранды жұрт жиылып Ұлт автономиясын тікпек болдық» [8]. Төңкеріс арқылы саяси билікке жету, социализм орнату идеясын ұстанған

большевиктер партиясының саясатын қазақ зиялылары қолдамады. Сондықтанда олар өздерінің ұлттық демократиялық мемлекет құру идеясын іс жүзіне асыру мақсатында 1917 жылы «Алаш» партиясын құруға белсене кірісті. Ал автономия құру идеясы қазақ зиялыларының ұзақ жылғы саяси күрестерінің, үздіксіз идеялық іздерістерінің нәтижесі болғаны анық. Қазақ зиялыларының ұлт азаттығы жолындағы күресі жаңа құқықтық мағынаға ие болып отырды. Бұл жағдайды Ресейдің отарлау аппаратының шенеуніктері де түсіне білді. Мысалы мына құжаттағы дерек осының дәлелі бола алады: Ж.Ақбаев граф Паленге жазған хатында «Сіздің Қарқаралы республикасының Президенті болғаныңыз рас па?...» [9] деген сұрақтың өзі Ж.Ақбаевтың демократиялық республика құру идеясын насихаттағандығы туралы айтуға болады.

Ал осы орайда Түркістанның қоғамдық дамуында 1917 жылдың қыркүйек айына қарай екі үрдіс анықталған еді. Бірі ұлттық күштердің Түркістан Федерациясын жариялауға дайындық жұмыстарын басталуы; екіншісі большевиктердің жергілікті халықтың автономияға ұмтылысын ескермей, өкімет билігін басып алуға тырысушылығы. 1917 жылғы 25 қазандағы Петроградтағы қарулы көтеріліс ақпан ревлюциясының демократиялық реформаларына үміт артқан ұлт азаттық қозғалысы күштеріне соққы болып тиді. Қазан төңкерісін түрік жұртшылығы қабылдамайды, себебі кеңестік негіздегі ұлттық автономия деген орыс отаршылдығын сақтаудың бүркемеленген түрі ғана еді. М. Шоқайдың сөзімен айтқанда, «орыс демократиясының саяси жарамсыздығынан» Түркістанда қиын жағдай қалыптасады. Қазан төңкерісіне байланысты туындаған мәселелерді талқылау үшін М.Шоқай қазақ зиялыларымен басқосуға Орынборға іссапарға барады. Қазақ зиялыларының мұнда М.Шоқаймен кездесуінде тәуелсіздік үшін күресті жалғыз Түркістан мен шектемей, оны қазақ облыстарымен, башқұрт, татар халықтарының қозғалысымен ұштастыру, большевиктерді мойындамау, Құрылтай жиналысына адалдықты сақтау жөнінде ортақ ұйғарым жасалды [10]. 1917 жылы 27 қараша күні Түркістан автономиясын жариялауға бір ауыздан қаулы қабылданғаны белгілі. Бұл қаулыда «Жасасын Түркістан автономиясы! Түркістан мұсылмандары Төтенше Құрылтайы Түркістан аймағында өмір сүріп жатқан халықтардың талап тілегіне сәйкес, Ресей төңкерісі тарапынан белгіленген ережелерге сүйене отырып, федерация негізінде құрылған Ресей Республикасының құрамында бола отырып, Түркістанның жерге негізделген территориялық автономиясын жариялайды» делінді [11]. Құрылтай сонымен қатар Түркістанда азшылықтағы халықтардың құқықтарын да толық қорғайтындықтарын мәлімдеді [12]. Сөйтіп, 28 қараша күні құрылған мемлекет «Түркістан автономиясы» деп аталды. Құрылтайда сондай ақ мемлекеттің Атазаңы мен атқару органдарын айқындайтын және Түркістан Құрушы Мәжілісі жиналғанға дейін елді басқаратын екі орган белгіленді. Олар Түркістан Уақытша Кеңесі және Түркістан халық мәжілісі.

Кеңес тарихшысы Д.Л.Голиков «Қоқан автономиялық» қозғалысының ықпалы Түркістанның барлық аудандары мен шеткері аудандарына тарады. Бұхар әмірі Сейд Әлімхан бұл контрреволюциялық қозғалысқа қолдау көрсетті, өзі Кеңестік Ресейден бөлініп кетті. Хиуа хандығының билеушілері де осылайша әрекет етті» [13] деп жазады. Идеологиялық ұстанымына орай автор тарихты көпе көріну бұрмалап отыр. Шындығына келгенде Бұхара әмірі жәдиттерге жаулық көзқараста болады және Түркістан Мұхтариятына ешбір көмек бермейді, ол тіпті көмек сұрауға барған уақытша үкіметтің эмиссарларын қабылдаудан да бас тартады.

1917 жылы наурыз айында Украйна халық республикасы, 22 сәуірде Закавказье Федеративтік Республикасы, 20 қараша Солтүстік Кавказ Уақытша үкіметі, 23 қарашада Уфада «Идель - Урал» мұсылман автономиясы, 26 желтоқсанда Қырым - түрік республикасы құрылады. Алайда олар Түркістан мұхтариятына көмек бере алмайды. 5 - 13 желтоқсанда Орынбор қаласында өткен Жалпықазақ съезінде Ұлт кеңесінің құрылуы және оның құрамына М.Шоқайдың енуі Түркістан автономиясына үлкен демеу болады.

М.Шоқай шетелде жүріп «Түркістанда» деген еңбегінде Алашорда автономиясының қалай құрылғандығына тоқталып, Алашорда мен Түркістанның толық

бірігуін қолдағанын туралы айтады. Осы түсініктің бір көрінісі Түркістан автономиялық үкіметінің мүшесі М.Шоқайдың Алашорда үкіметінің де мүшесі болып сайлануы. Тіпті, Алаш партиясы бағдарламасының алғашқы нұсқасын дайындайтын комиссия құрамына М.Шоқайдың енгізілуі осындай көзқарастан туындаған сияқты. Тек уақытының қауырттығына байланысты кейін ол комиссия құрамынан шығарылды [14].

М.Шоқай Түркістан аймағында белсенді түрде саяси жұмыстар атқарып жүргенде, Орынбордағы қазақ саяси ұйымдастырылуында да маңызды қызметтерде есімі аталып жатты. М.Шоқай әрі Түркістандағы әрі Дала өлкесіндегі ұлттық өкімет құру жолындағы жұмыстарда беделді саясаткер еді. М.Дулатовтың 1919 жылы 29 қараша күні ОГПУ қызметкерлеріне берген жауап хаттамаларында нақты күнін атамасада М.Шоқай 1917 жылы 5 – 13 желтоқсан арасында өткізілген II Жалпы Қазақ құрылтайына да шақырылып, бірақ Қоқанда құрылған жаңа өкіметтің жұмыстарына байланысты құрылтайға мезгілінде қатыса алмай құрылтайға соңында келгенін айтады [15]. Құрылтайдың ең маңызды шешімдерінің бірі Алашорда Уақытша Қазақ үкіметінің құрылуы болды. Осылайша М.Шоқай Түркістан Алашорда үкіметіне де мүше болып сайланған еді. Алғашқыда Алашордашылар Түркістан өкіметінің құрылуына үзілді кесілді қарсы болған еді. Ә.Бөкейханов бұл пікірін «Қазақ» газетіне 1917 жылы қазан айында жазған мақаласында былай деп атап өтеді: «Біз Түркістанмен діндес, туысқанбыз. Автономия болу – өз алды мемлекет болу. Мемлекет болып іс атқару оңай емес. Біздің қазақ іс атқаратын азаматқа жұдап отырған болса, біздің жалпы қазақ қараңғы болса, Түркістан халқының қараңғылығы һәм шебер адамның жоқтығы бізден он есе артық. Қазақ Түркістанмен бір автономия болса, автономия арбасына түйе мен есекті пар жеккен болады. Бұл арбаға мініп біз қайда барамыз [16]?» деген болатын. Негізіне келгенде М.Шоқай Қазақ автономиясы жөнінде екі топтан да өзгеше пікірде еді. Яғни кейіннен екі жақтың да бір пікірге келуіне М.Шоқайдың маңызды рөл атқарғандығын К.Нұрпейісов өз зерттеулерінде айтады [17]. ОГПУ дың М.Дулатовтан алған тергеу хаттамаларына қарағанда, Шоқай Алашорда өкіметінің Түркістан автономиясының шаңырағы астанда жұмыс жүргізуінің тиімді болатындығын айтты [18]. Түркістан автономиясының қазақ пен өзбек халықтарының ортақ автономиясы екендігіне құрылтайға қатысушыларды көндіру мақсатында М.Шоқай Түркістан үкіметінде қазақ халқының өкілдері ретінде өзі мен М.Тынышбаевтың қызмет атқарып жатқанын атап өтті.

Ә.Бөкейхановтың Түркістандықтармен одақтасуға қарсы көзқарастарының өзгергені Сырдария қазақтарының құрылтайында көрінді. Құрылтайда «Алашорда өз алдына автономия жариялап Түркістан автономиясымен одақ болса, Сырдария қазақ-қырғыздары Түркістан автономиясынан шығып, Алаш автономиясына кіруге шешім қабылдайды» деп атап өтілді. Яғни бұл жерде М.Шоқайдың Алашорда автономиясымен одақ болуға шақырғандығын көреміз. Бұл мәселе М.Шоқайдың Сырдария қазақтарына арнап «Қазақ» газетіне жазған үндеуінен айқын көрінеді. Ал Алаш жетекшілерінің түпкі мақсаты Ресейдегі барлық қазақтың басын бір ту астына қосу еді.

1918 жылы қаңтар айында большевиктердің Орынборды басып алуымен қатар Алашорда өкіметі тарап кетіп, осы айда Түркістан өкіметі де тарқатылады. Осыған дейін кеңес өкіметі тарапынан түсіністік таппаған Алаш өкіметінің жетекшілері Самарадағы Комучке, Омбыдағы сібірдің ақ гвардияшыл уақытша үкіметіне, Уфа директориясына сенім артып, олар Алаш автономиясын біртұтас ұлттық мемлекет ретінде мойындайды деп есептеп, әртүрлі көмек көрсетуді сұрады. Алайда бұл өтініштер ойдағыдай нәтиже бермеді.

Большевиктердің қысымынан кейінгі бағытты белгілеу үшін 1918 жылдың 30 тамызы мен 7 қыркүйек арасында Орынбор және Самара қалаларында жиналыстар өткізіліп, М.Шоқай, Башқұрт үкіметі бастығы З.Уалиди, Алаш көсемдерінен Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов және М.Тынышбаев қатысты. Сонымен, Алашорда, Түркістан және Башқұрт Өкіметтерінің өкілетті қайраткерлерінің басы осы жиналыстарда қосылды.

Жиналыстардың қорытындысында бұл үш өкіметтің «Оңтүстік-Шығыс автономиялық Мұсылман Өлкелері Одағы» шешімі қабылданған еді.

Сырдария қазақтары құрылтайында басталған Алашорда мен Түркістан автономияларының одағын құру жолындағы жұмыстары Орынборда Башқұрт өкіметін де қосып алып, кең түрде жалғастырылды. 1918 жылдың қыркүйек айында Алашорда, Түркістан және Башқұрт өкіметтері басшыларының жиналысында белгіленген бағыт М.Шоқайдың Европада большевиктерге қарсы жүргізетін идеялық күресінің негізін құрады.

Айта кету керек Түркістан автономиясын да Алаш қозғаласының бір тармағы деп қараған жөн. Өйткені Ташкент және Қоқандағы саяси іс-қимылдарға М.Шоқай өзінің жеке инициативасымен емес, қайта Ә.Бөкейхановтардың нұсқауы бойынша атсалысты. Өйткені ол кезде қазақтар Түркістан деп аталған әкімшілік аймақтағы облыстарда қазақтардың жарымынан астамы өмір сүретінін ескерген жөн. Және де 1918 жылы Алашорда партиясы тарағанымен оның жалғасы М.Шоқайдың қайраткерлегінде шетелдерде, атап айтқанда Еуропада Яш Түркістанмен жалғасты. М.Шоқайдың Түркістан Одағы пікірі Алаш көсемдерінің халықаралық жағдайды көріп байқағаннан кейін геостратегиялық жағдайға байланысты ұтымды пікірі. Ол кейін Шоқайдың күресінің белді пікірлерінен біріне айналып, өмірінің соңына дейін Кеңес өкіметіне қарсы тәуелсіздік үшін күресін М.Шоқай еш қашан тоқтатқан емес. Яғни М.Шоқай Алашордашылардың тәуелсіздік үшін күрескен соңғы түйіні екендігін көреміз. М.Шоқаймен Қазақстанның тәуелсіздік тарихының мазмұнының тереңдей түсері анық.

Шындығына келгенде XX ғасырдың басында патша өкіметіне қарсы оппозицияда болған саяси партиялардың бағдарламалары, іс әрекеттері, жолдары, өздерінің көздеген мүдделерін қорғай білулері, зиялы қауым өкілдеріне тән өркениеттік деңгейдегі мәдениеттері қазіргі кездегі және болашақтағы ұрпаққа үлгі, сабақ боларлықтай. Алаш қозғалысы ұлт азаттық қозғалыстың биік белесі. Ол XX ғасырда Ұлттық жаңғыруға бастады, ұлттың өзін өзі танып қана қоймай, мемлекеттік сатыға көтерді, ол егемендік, тәуелсіздік, демократиялық мемлекет, ұлт татулығы, дін мен мемлекет арақатынасы проблемаларын XX ғасырда күн тәртібіне қойды. Осылай біз бүгінгі күнде бастан кешіп жатқан тәуелсіздігімізге қол салдық.

XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының мемлекеттілікті жаңғырту мәселесін көтеруі. Сонымен бірге ақпан революциясы тұсындағы қазақ зиялыларының мемлекеттілік үшін күрестері мен кеңес өкіметі кезеңіндегі қазақ зиялы қауымының ұлттық автономия мәселесін көтеруі сол уақыттың талабы болды. Қазақ зиялыларының ұлттық мемлекет құруға бағытталған іс әрекеттері, ұлттық тәуелсіздікті қалпына келтіру қызметтері тарих беттері арқылы талдау жасау негізінде сол уақыттағы ұлттық идеялар, бүгінгі күнге бастан кешіріп отырған тәуелсіздікке жол салды.

Қазақстанның XX ғасырдың соңында тәуелсіз мемлекет болуына жол салғандығы айқындалды. Бүгінгі таңда мемлекет құрылысына аса қажет жер, мемлекеттік тіл, ұлттық мемлекеттік идеология, ұлттық діл, ұлттық сананың қалыптасуы, ұлттық демократия секілді өзекті мәселелерді шешуде өткен ғасырдағы қазақ мемлекетілігінің дербестігі үшін күрескен қазақ зиялыларының еңбектері мен көзқарастарының маңызы зор. Қорыта айтқанда Қазақстан Республикасының мемлекеттілігінің құрылысы мен болашағына жол ашуда XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының соның ішінде Алаш қайраткерлерінің еңбектерінің ықпалы бар екендігі анық. Алаш қайраткерлерінің қан төгіс пен қиратып бүлдіруге емес, керісінше демократиялық, өркениетті идеологиялық әдіс тәсілдер арқылы тәуелсіз мемлекетті жаңғырту жолдарындағы әрекеттеріне баға жетпейді.

1. Бөкейхан Ә. Киргизи Формы национального движения в современных государствах. Под - ред. А.И.Костелянского. СПб 1910 с.529.
2. Қойгелдиев М. «Алаш қозғалысы» Алматы 2008. 109 бет
3. Кенжетаяв Б.А. Казахские учебные заведения и процесс формирования казахской интеллигенции в середине XIX - начале XX вв. Казань, 1998. С. 30, 80, 81.
4. Абдіуақап Қара. Мұстафа Шоқай. Өмірі, күресі, шығармашылығы. Алматы 2004. 21- 22 б.
5. Кеменгерұлы К. Қазақ тарихынан //Таңдамалы Алматы: Қазақстан 1996. 296 б.
6. Қойгелдиев М. Бөкейханов Ә. Шығармалары - Алматы: Қазақстан 1994. 384 б.
7. Асфендияров С. Қазақстан тарихының очерктері. - Алматы: Қазақ университеті, 1994. 97 б.
8. Ғалихан. Мен кадет партиясынан неге шықтым?// Сарыарқа,1918 №29.
9. ҚР ОММ, 64 қор, 1 тізбе, 5832 іс, 27 парак.
10. Есмағамбетов К.Л. Әлем таныған тұлға. Алматы 2008. 123 б.
11. Абдіуақап Қара. Мұстафа Шоқай. Өмірі, күресі, шығармашылығы. Алматы 2004. 74 б.
12. Туркестан в начале XX века: к истории истоков национальной независимости. Ташкент, 2000, 83 б.
13. Голинков Д.Л. Крушение антисоветского подполья в СССР (1917 – 1925 гг.). М., 1975. С. 51.
14. Кенжетаяв Б.А. Казанские учебные заведения и процесс формирования казахской интеллигенции в середине XIX - начала XX вв. Казань, 1998. С. 77.
15. Абдіуақап Қара. Мұстафа Шоқай. Өмірі, күресі, шығармашылығы. Алматы 2004. 87 б.
16. Қойгелдиев М. «Алаш қозғалысы» Алматы 1995. 339 - 340 бб.
17. Нұрпейісов Кеңес. Алаш һәм Алашорда. Алматы, 1995. 156 б.
18. Абдіуақап Қара. Мұстафа Шоқай. Өмірі, күресі, шығармашылығы. Алматы 2004. 90 б.

РЕЗЮМЕ

В статье, опираясь на исторические события, раскрывается движение казахской интеллигенции в начале XX века, направленной на создание национального государства, ее деятельности на благо независимости Республики Казахстан.

ABSTRACT

This article is about the action of Kazakh intelligence towards the formation of national state and their attempt for reconstruction of national independence and building the way to nowadays' independence through reviewing the history of our national ideology.

ÖZET

Bu makalede tarih aracılığıyla analiz etme sonucunda günümüzde elde edilen bağımsızlığın temelini oluşturan, XX yüzyılın başındaki kazak aydınlarının milli devleti kurmaya ve milli bağımsızlığı yenilemeye yönelik yaptıkları çalışmaları bahsedilmektedir.